

Сабақтың тақырыбы:  
“ Мен мүшел  
жастамын”

6 -сынып

**:Мақсаты**

**Білімділік:** Мәтіндер негізінде оқушылардың  
.мүшел жас  
қазақша жыл санау жайлы ақпараттық ұғымын  
.молайту

**Лексикалық тақырып аясында**  
.жатыс септігін қайталау

**Дамытушылық:** Тақырып бойынша әртүрлі  
.тіл дамыту жұмыстарын жүргізу

**Тәрбиелік:** Қарапайым сөйлеу үлгілерін қолдану  
арқылы  
.оқушыларға рухани- мәдени тәрбие беру

*Мүшел жас дегенді  
қалай түсінесіңдер?*

*Жан- жануарлар  
жыл басына қалай  
таласты?*

**Миға  
шабуыл**

*Түйе неліктен  
жылсыз қалды?*

*Тышқанның іс –  
әрекетін  
дұрыс деп  
ойлайсыңдар ма?*

**Ертеде түркі қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл бұрын өткен атышулы бір соғыстың тәсілін үйренбекші болады. Бірақ ол соғыс қай жылы өткенін білмей әбден шатасады. Содан қаған өзінің қауымына былай депті, - «Біз тарихымызды анықтаудан көп жаңылыстық, ал бұдан кейінгілер бұдан да жаман шатасады. Сол үшін біз жылдарға ат қоямыз. Бұл біздің кейінгілерге қалдырған ескерткішіміз болсын».**

**Сөйтіп, Іле өзенінің екінші басына ау құрғызып, жабайы хайуандарды өзенге қарай қууға бұйрық береді. Нөкерлер хайуандарды қаумалап үркіте бастайды. Бәрі бірдей өте алмай, он екісі ғана судан аман шыққан екен. Ең алдымен судан өткен тышқан болыпты. Осыдан жыл басы тышқан аталыпты. Одан кейін судан сиыр, сосын барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз өтіпті. Сөйтіп, әрқайсысы бір – бір жылдың атын алыпты. Осылай он екі жыл бір айналып шықса, бір мүшел жас, екі айналып шықса, екі мүшел жас болыпты.**


# ***Мүшел жас туралы наным - сенім***

Мүшел жас адамға қатерлі жыл болып есептеген. Соған байланысты жаратылыстан тыс тұрған күштерге жалбарынып, құдай беріп, қан шығарып, мүшелден аман - есен шығару мақсатында сол адамның қимас киімін және матаны жыртып жарлы - жақыбайларға таратылады екен.

Мүшел жас күні мал сойып, құран оқыту да мүшел жастан аман - есен шығып, ұзақ өмір сүріп, бақытты болу үшін істелінетін ырым екен.

**Болғанда көктем – жыл басы, Аспаннан жаңбыр себелер.  
Өлген шөптер тіріліп, Жердің жүзі көгерер!**

(Мұсабек Байзақов)



**НАУРЫЗ ЖУМБАҚ**  
Атасы мен анасы,  
Үш жүз алпыс бес баласы,  
Он екі ауыл шамасы,  
Отыз ар аудак,  
Бес балақ сан,  
Елу екі қарашы.  
(Күн мен Ай, жылдың 365 күні, 12 ай, айдың 30 күні, жылдың соңында айлардан тыс алаңып, жылға қосылатын бесқонақ, жылдағы 52 апта)

**ТОҒЫС ЕСЕБІ** – уақыт өсебінің Үркек шөкжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі. Айдың Үркеді басып өтуіне негізделетін күнтізбе. Қазақ осы күнтізбеге сөйіс мал баққан. Ай мен Үркедің тоғысуы шамамен 27 тәулік, 8 сағатқа тең. Мұндай тоғысу, яғни тоғыс айы бір жылда 13 рет болады.

**БЕСҚОНАҚ** – қазақтың күнтізбесі бойынша әр айды 30 күнге бөлгенде, жылдың соңында 5–6 күн артылып қалады. Халықтың өмір тәжірибесі бойынша жылдың соңындағы бұл күндерде ауа райының құбылуы байқалады. Күнтізбелік ұғымның атауы Наурыз мейрамы алдындағы қонаққа бару дәстүрінен шыққан.

**ҰЗЫНСАРЫ** – күн мен түн теңеліп, астрономиялық көктем келетін мезгіл. Қазақ халқы «жұанның жіңішкеріп, жіңішкенін ұзілетін кезін дейді. Байырғы күнтізбе қолданыстан қалғалы бері мұны наурыз айындағы күннің ұзаруы деуген болды. Ұзынсары – жылдың басы.

**АМАЛ** – табиғаттың өзiмен тiкелей байланыста өмір сүрген көреген халқымыздың жыл санауындағы ауа райы қолайсыз болатын мезгілдердің жиынтығы. Әр айда ауа райы түрліше құбылуы мүмкін. Соған байланысты айдың белгілі бір күндер аралығын «Ұт амалы», «Отамалы», «Сәуір амалы» деп бөліп отырған. Батыс қазақтары наурыздың 14-інде «Амал мезірамын» тойлайды. Бұл – жер жібіп, қар кетіп, мал тұмсығы көкке ілінетін шақ.

- АЙЛАРДЫҢ ЕСКІШЕ ЖӘНЕ ЖАҢАША АТТАРЫ:**
1. Хамал – наурыз
  2. Сәуір – көкек
  3. Зауа – мамыр
  4. Саратан – маусым
  5. Әсет – шілде
  6. Сұмбіле – тамыз
  7. Мизан – қыркүйек
  8. Ақырап – қазан
  9. Қауыс – қараша
  10. Жәді – желтоқсан
  11. Дәлу – қынтар
  12. Ұт – ақпан

Алиқстамалық, мөлметтер математик, этнограф Мыңбай Ысқақпұттық және Қадия Қабасатұлының мақалалары негізінде жазылды.

## **Мүшел жас**

- 1-мүшел - 13 жас (ер жете бастау);
- 2-мүшел - 25 жас (жігіттік шақ);
- 3-мүшел - 37 жас (ақыл тоқтату);
- 4-мүшел - 49 жас (орта жас);
- 5-мүшел - 61 жас (орта жас);
- 6-мүшел - 73 жас (қарттық);
- 7-мүшел - 85 жас (кәрілік);
- 8-мүшел - 97 жас (қалжырау);
- 9-мүшел - 109 жас (шөпшек сүю);
- 10-мүшел - 121 жас (немене сүю).

# Сөзді

## К

Мүшелге кіру —  
вхождение в 12-летний  
цикл – 12 year cycle  
жылдың басы – начало  
года – beginning of year  
Ерекше назар аударған –  
уделяли особое  
внимание – special  
attention  
Жауапкершілік -  
ответственность -  
responsibility

## Мәтінмен жұмыс

- а) сөздікпен жұмыс
- ә) аудару

Талай асуларды бағындырып, биік  
белестен көрінгім келеді. 5

Ата-анамның қолқанатымын. 3

Мен алғашқы мүшел жасқа келдім. 2

Үлкенді сыйлап, құрмет көрсету - менің  
борышым. 4

Менің жасым он үште. 1



Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Талай асуларды бағындырып, биік  
белестен көрінгім келеді.

Ата-анамның қолқанатымын.

Мен алғашқы мүшел жасқа келдім.

Үлкенді сыйлап, құрмет көрсету - менің  
борышым

Менің жасым он үште.

# Кері байланыс

